Енгізу/шығару визуализациялау үшін "аспаптың беттік панелі" қызмет атқарады. Оны кіріс/шығыс деректердің түрлеріне койылатын талаптарға негізделіп және тұтынушының әргономикалық көз құрқстарына назар аударып қалыптастырады.

LabVIEW ортасында ұсынылатын басқару органдарын визуализациялау басқару элементтерінің (БЭ) библиотекаларымен екілденген:

Controls Numeric (сандық деректер үшін),

Controls Boolean (екі-позициялық ауыстырып-косқыштар мен индикаторлар),

Controls String (мәтіндік ақпарат үшін),

Controls Graph (графикалық ақпарат).

Оқыту және оқыту әдістері: тәжірибелік сабактар ғылыми-зерттеу жұмыстар түрінде мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану арқылы орындалады, зерттеулердің нәтижелері орындалған жұмыстар бойынша есеп түрінде ресімделеді және коргалады.

Жұмысты орындау реті

Ақпаратты сандық түрде енгізу мысалы

Ретімен таңдал аламыз (мәзір, сол жақ батырма): Controls Numeric. Жаңып-өщіп түрган тіктөртбұрышты курсорда БЭ анықтаймыз: пернетақтадан таңбаны ендіреміз (кезкелген цифрды немесе латын әліппесінің әріпін). БЭ редакторлеу режимінде жұмыс жасау барысында алдын ала белгіленген орынға (курсор, сол жақ батырмасы) орналастырылады. Редакторлеу режимінде жұмыс жасау барысында БЭ анықталғаннан кейін осы БЭ белгілеп (курсор, сол жақ батырмасы) курсорды қажетті орынға жылжытады, сол жақ батырма. Осылайша ақпаратты шығаруды да үйімдастырады.

Басқару элементтері деректерді енгізу мен қатар шығыс ақпаратты бейнелеуге де арналуы мүмкін. Файлды редакторлеу барысында БЭ (енгізу/шығару) қасиеттерін өзгертуге болады: курсорды берілген БЭ үстінде қойып, оң жақ батырманы басып, ұсынылған мәзірден таңдал алу:


- кіріс деректерді бейнелейтін объекттер үшін: Change To Control;
- шығыс деректерді бейнелейтін объекттер үшін: Change To Indicator.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттікөндірістехнологиясы» кафедрасы «Химия – технологиялық процестерді басқару жүйесі» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар	044-48/11 52 беттің 18 беті

Кіріс/шығыс деректер үшін үтірден кейінгі таңбалар санын орнату келесідей іске асырылады: курсорды берілген БЭ үстіне койып, он жақ батырманы басып, ұсынылған мәзірден Format and Precision пункттің таңдаш алып, сол жерде өлшеу дәлдігінің қажетті шектерін орнату.


Сандық ақпаратты енгізу/шығару. Енгізу/шығарудың келесі операциясын үйімдастыру:

A (саны) - B (саны).



Сурет 5.1 Енгізу/шығару операциясы: A (сан) - B (сан).


Цифрлық ақпаратты енгізу және мәтіндік ақпаратты шығару. Енгізу/шығарудың келесі операциясын үйімдастыру: A (саны) - C (мәтін).



Сурет 5.2 Енгізу/шығару операциясы: A (сан) - C (мәтін).

Оқытуши берген дәлдікпен (үтірден кейінгі таңбалар саны) өзгеретін D мен E аналогтық ақпаратты енгізу (горизонтальды басқарылатын шкала) және шығаруды (стрелкалы индикатор) имитациялау: D (аналогтық сигнал) - E (аналогтық сигнал).

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттікөндірістік технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Химия – технологиялық процестерді басқару жүйесі» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар	52 беттің 19 беті



Сурет 5.3 Енгізу/шығару операциясы D (аналогтық сигнал) - E (аналогтық сигнал)

Бағалау әдістері

Тәжірибелік сабактар ғылыми-зерттеу жұмыстар түрінде мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану арқылы орындалады, зерттеулердің нәтижелері орындалған жұмыстар бойынша есеп түрінде ресімделеді және бақылау сұрақтары бойынша ауызша корғалады.

Әдебиет:

негізгі:

1. Тревис Дж LabVIEW для всех/ Джериферс Тревис; пер. с англ. Клушин Н.А. – М.: ДМК Пресс; Прибор Комплект, 2005.-544 с.: ил.
2. Андреев Е.Б., Куцевич Н.А., Синенко О.В. SCADA-системы: взгляд изнутри. -М.: РТСофт, 2009.- 176 с.

қосымша:

3. Аристова Н.И. Промышленные программно-аппаратные средства на российском рынке АСУТП: (практическое пособие для специалистов, занимающихся разработкой и модернизацией СУ на промышленных предприятиях) / Аристова,Н.И., Корнеева А.И. - М.: ООО Изд-во Научтехлитиздат, 2007. - 402 с.
4. Карлашук В.И. Электронная лаборатория на IBM PC- М.: СОЛООН-Пресс, 2003.-736 с.: ил.
5. Батоврин В.К., Бессонов А.С., Мошкин В.В., Паполовский В.Ф. LabVIEW: практикум по основам измерительных технологий: Учебное пособие для вузов.-М.:ДМК Пресс, 2005.-208 с.: ил.

Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.)

1. Ақпаратты бейнелеу түрлері
2. Енгізу/шығаруды визуализациялауды қалыптастыру
3. Басқару мүшелерді визуализациялауға арналған LabVIEW ортасының басқару элементтер библиотекалары
4. Ақпаратты сандық түрде енгізу тәртібі
5. Файлды редактілеу барысында басқару элементінің (енгізу/шығару) қасиетін өзгерту тәртібі
6. Кіріс/шығыс деректер үшін үтірден кейінгі таңбалар санын орнату қалай орындалады?

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттікөндірістік технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Химия – технологиялық процестерді басқару жүйесі» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар	52 беттің 20 беті

Тақырыбы 6: LabVIEW-де жай операцияларды орындау

Мақсаты: LabVIEW ортасында бағдарламалау ебдейліктеріне ие болу.

Оқыту мақсаты:

Білім алушы білуге тиіс:

- LabVIEW-де жай операцияларды;

Білім алушы істей алуға тиіс:

- LabVIEW ортасында жұмыс істеу;
- компьютерде LabVIEW-де жай операцияларды әзірлеу;
- жасалған жұмыс бойынша есеп беру.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

Базалық

- Импульстік және сандық құрылғылар.
- Сигналды сандық өндеу.
- Микропроцессорлар және микропроцессорлық жүйелер.

Негізгі

- LabVIEW колданбалы бағдарламалар.
- LabVIEW қолданушы интерфейсі.

Теориялық негіздері

LabVIEW ортасында жұмыс жасау барысында еркін түрдегі сигналды жіберу/өндеуді тиімді түрде үйімдастыру, кейбір құрылғының жұмысын имитациялау және т.с.с. қажеттілік жиі кездеседі. Бұл үшін пакетте цифрлық деректермен түрлі математикалық операцияларды, жеке жағдайда, арифметикалық және логикалық операцияларды пайдалану мүмкіндігі көзделген.

Компьютерге нақты құрылғыларды жалғамай, визуалды бағдарламалау жүйесі ретінде LabVIEW-де жұмыс жасауда цифрлық деректермен жасалатын операциялар ерекше мағынаға ие болады. Бұл жағдайда математикалық операциялар LabVIEW ортасында зерттелетін объекттің және эксперименталдық қондырғының математикалық модельдерін сипаттауға жәрдем береді.

LabVIEW ортасындағы математикалық операциялар мәзірдің сәйкесінше пунктары арқылы таңдал алынады:

- Functions Structs & Constants (циклдер, тұрақтылар),
- Functions Arithmetic (арифметикалық, логикалық операциялар),
- Functions Trig & Log (тригонометриялық, логарифмдік функциялар)
- Functions Comparison (салыстыру)
- Functions Conversions (түрлі санау жүйелеріндегі операциялар)
- Functions ANALYSIS (сигналдар, фильтрлер және т.с.с. библиотекасы)

Басты мәзірдің Functions пунктіне тек редакторлеу режимінде схемаларды сыйзу терезесінен қол жеткізуге болады. Математикалық операцияларды таңдау дәстүрлі тәсілмен іске асырылады: курсор мәзірдің сәйкесінше пунктінде, сол жақ батырма.

Жиі жағдайда математикалық формулаларда сандық тұрақтылар (еркін немесе әлемдік) пайдаланылады. Еркін тұрақтыны енгізу үшін Functions Structs & Constants таңдал алу керек, тұрақтының мәнін мәтіндік режимде өзгертеді. Физикалық тұрақтыларды да (e – электрон құаты, Na - Авогадро саны және т.с.с.) мәзірдің сол пунктінде таңдал алынады.

Оқыту және оқыту әдістері: тәжірибелік сабактар ғылыми-зерттеу жұмыстар түрінде мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану арқылы орындалады, зерттеулердің нәтижелері орындалған жұмыстар бойынша есеп түрінде ресімделеді және коргалады.

Жұмысты орындау реті

Арифметикалық операцияны іске асыру мысалы

$$A = (B + C) \cdot 5$$
 арифметикалық операцияны орындау керек, енгізу мен шыгару түрі – сандық.

Беттік панель терезесінде екі БЭ бақылау режимінде (аппаратты енгізу) В мен С және бір БЭ индикациялау режимінде А таңдал алып тиімді түрде орналастырамыз. Блок-схема терезесіне етіп,


БЭ өзара орналасуларын түзетіп, схеманы келесі элементтермен толықтырамыз:

тұрақты (5): Functions Structs & Constants;

қосу операторы: Functions Arithmetic;

бөлу операторы: қосу операторына ұқсас түрде.


Байланыс орнату режиміне етіп, қажетті ретпен схеманың элементтерін өзара жалғаймыз. LabVIEW қосымшаларын бағдарламалауда пайдаланылатын визуальды аспаптардың, операциялардың және т.с.с. иконкаларында байланысты жалғау өрістері ("ыстық" өрістер) бар. Олар кіріс және шығыс айнымалылармен елестеніледі. Мысалы, бөлу операторының иконкасында үш ыстық өрісі бар: жоғарғы бұрышы (алымы), төменгі бұрышы (бөлімі), оң жақ бұрышы (нәтиже). Байланыстарды орнату барысында курсорды байланыстыруға қажетті айнымалыға сәйкес "ыстық" өріске алып бару керек. Бұл кезде осы "ыстық" өріс жарықталып тұрады.



Сурет 6.1 $A = (B + C):5$ арифметикалық операциясы

Логикалық операциялар ұқсас түрде іске асырылады.

Келесі арифметикалық операцияларды: $B = 2A + 2p$, $E = 1/D$ іске асыру керек, деректерді енгізу/шығару – сандық түрде.



Сурет 6.2 $B = 2A + 2p$, $E = 1/D$ арифметикалық операциялары.

Тапсырма 1: Formula Node құрылымын пайдаланып, $E1 = \sin(D1)$ тәуелділікті іске асыру керек.

Тапсырма 2: Келесі логикалық функцияларды іске асыру керек:


A	B	C	A	B	C
0	0	0	0	0	1
0	1	1	0	1	0

ОНТҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттікіндірістік технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Химия – технологиялық процестерді басқару жүйесі» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар	52 беттің 22 беті

$$\begin{array}{ccccccc} 1 & 0 & 1 & 1 & 0 & 1 \\ 1 & 1 & 0 & 1 & 1 & 1 \end{array}$$

(ажыратқыш НЕМЕСЕ) (логикалық ілесу)

Екілік ақпараттың енгізу көздері (A, B) ретінде Controls Boolean бөліміндегі аудыстырып-көсқыштарды пайдалану керек. Индикацияны (C) мәзірдің сол бөліміндегі лампочка арқылы іске асырамыз.



Сурет 6.4 №1 логикалық функция

Бағалау әдістері

Тәжірибелік сабактар ғылыми-зерттеу жұмыстар түрінде мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану арқылы орындалады, зерттеулердің нәтижелері орындалған жұмыстар бойынша есеп түрінде ресімделеді және бақылау сұрақтары бойынша ауызша қорғалады.

Әдебиет:

негізгі:

1. Тревис Дж LabVIEW для всех/ Джериферс Тревис; пер. с англ. Клушин Н.А. – М.: ДМК Пресс; Прибор Комплект, 2005.-544 с.: ил.

2. Андреев Е.Б., Куцевич Н.А., Синенко О.В. SCADA-системы: взгляд изнутри. -М.: РТСофт, 2009.- 176 с.

қосымша:

3. Аристова Н.И. Промышленные программно-аппаратные средства на российском рынке АСУТП: (практическое пособие для специалистов, занимающихся разработкой и модернизацией СУ на промышленных предприятиях) / Аристова, Н.И., Корнеева А.И. - М.: ООО Изд-во Научтехлитиздат, 2007. - 402 с.

4. Карлашук В.И. Электронная лаборатория на IBM PC- М.: СОЛООН-Пресс, 2003.-736 с.: ил.

5. Батоврин В.К., Бессонов А.С., Мошкин В.В., Паполовский В.Ф. LabVIEW: практикум по основам измерительных технологий: Учебное пособие для вузов.-М.:ДМК Пресс, 2005.-208 с.: ил.

Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.)

- 1) Құрылғы жұмысын имитациялау үшін қандай операцияларды пайдалануға болады?
- 2) LabVIEW-де жұмыс істеу барысында сандық деректерге арналған операциялар қандай мүмкіндіктерді береді?
- 3) LabVIEW ортасында математикалық операциялар қандай пункттер арқылы таңдал алынады?
- 4) Еркін тұрақты қалай енгізіледі?
- 5) Арифметикалық операцияларды іске асыру тәртібі.
- 6) Логикалық функцияларды іске асыру тәртібі.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттікөндірістік технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Химия – технологиялық процестерді басқару жүйесі» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар	52 беттің 23 беті

Тақырыбы 7: Ақпаратты графикалық түрде шыгару

Мақсаты: LabVIEW ортасында бағдарламалау ебдейліктеріне ие болу.

Оқыту мақсаты:

Білім алушы білуге тиіс:

- LabVIEW-де жай операцияларды;

Білім алушы істей алуға тиіс:

- LabVIEW ортасында жұмыс істеу;
- компьютерде LabVIEW-де жай операцияларды әзірлеу;
- жасалған жұмыс бойынша есеп беру.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

Базалық

- Ақпаратты графикалық түрде шыгару.
- Сигналдар библиотекасы.

Негізгі

- LabVIEW қолданбалы бағдарламалар.
- LabVIEW қолданушы интерфейсі.

Теориялық негіздері

LabVIEW жүйесінің аналогтық тұтынушы интерфейсі ақпаратты графикалық түрде шыгару мүмкіндігін береді. Графикалық түрде шыгаруды үйімдастыру индикациялау режимінде жұмыс жасайтын ақпаратты графикалық бейнелеу аспабы (экран) арқылы іске асырылады.


БӘ таңдау (бұл жағдайда – графикалық экран) және индикациялау режиміне баптау 1 жұмыста сипатталған тәсіл бойынша орындалады. Утірден кейінгі таңбалар саны 2 жұмыста жасалғанға ұқсас орнатылады. Экранда бейнеленілетін шығыс сигнал кемінде екі параметрге ие болуы тиіс – кіріс және шығыс. Бұл жұмыс көлемінде кейбір функциямен сипатталатын сигналды графикалық түрде шыгаруды үйімдастыру үсінілады.

Оқыту және оқыту әдістері: тәжірибелік сабактар ғылыми-зерттеу жұмыстар түрінде мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану арқылы орындалады, зерттеулердің нәтижелері орындалған жұмыстар бойынша есеп түрінде ресімделеді және қоргалады.

Жұмысты орындау реті

Функцияны графикалық түрде шыгару мысалы

$y = \exp(x)$ функцияны графикалық түрде шыгаруды үйімдастыру керек.



Сурет 7.1 $y = \exp(x)$ функцияның графикалық түрде шығарылуы

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттікөндірістік технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Химия – технологиялық процестерді басқару жүйесі» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар	52 беттің 24 беті


Кіріс X параметрін сандық түрде енгіземіз. Шығыс Y параметрін кіріс параметрді "өндөу"-ден кейін аламыз. Ол үшін схемаларды сызу терезесінде ЕӘ білдіретін иконкалармен қатар келесі операциялардың иконкаларын орналастыру керек:

- Functions Trig & Log,
- Functions Structs & Constans.

сонымен қатар функцияның иконкасын циклдың иконкасының ішінде орналастырады.


Осы құрылғының схемасына циклді ендіру бағдарламаны іске қосқан кезде абсцисс осі бойынша $[0, x]$ аралығында функциональдық тәуелділіктің (бұл жағдайда $-y = \exp(x)$) графикалық бейнесін алуға мүмкіндік береді. Ал циклды пайдаланбаған жағдайда X-тың ағымдық мәніне сәйкес жалғыз нүктенің бейнесі шығады. LabVIEW циклы келесідей үйімдастырылған: i – циклдың айнымалысы, ол әр қадамда бірлікке өсіп тұрады; N - айнымалы, i - айнымалысы осы айнымалының мәніне жеткен кезде бағдарлама циклден шығады. Мұндагы: $i = 0, 1, \dots, x$; $N = x$.

Жоғарыда көлтірлген тәсіл бойынша монитор экранында $y = \sin(x)$ және $y = \sin(x)/x$ тәуелділіктерді бейнелеу қажет.



Сурет 7.2 $y = \sin(x)/x$ тәуелділіктің графикалық шығарылуы

Functions Analysis Signal Generation бөлімінің блоктарын пайдаланып, монитор экранында $\sin(x)$ функциясының графигін және шу графигін құру керек.



Сурет 7.3 Functions Analysis Signal Generation бөлімінің блоктарын пайдалану арқылы құрылған $\sin(x)$ функциясының графигі

Беттік панельде екі-позициялық ауыстырып-қосқыштың бар болуына назар аудару керек. Терезеде мұндай ауыстырып-қосқыш схемага Functions Comparison бөлімінің True/False блогын пайдалану арқылы ендіріледі.

OÝTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттікөндірістік технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Химия – технологиялық процестерді басқару жүйесі» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар	52 беттің 25 беті

Analysis бөлімнің Signal Generation ішкі бөлімінде түрлі формалы сигналдардың библиотекасы бар. Осы библиотеканың элементтерін пайдаланғанда циклды үйымдастыру қажеттілігі керек емес. Кіріс параметр - "samples" (сигналды анықтау облысы).

Бағалау әдістері

Тәжірибелік сабактар ғылыми-зерттеу жұмыстар түрінде мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану арқылы орындалады, зерттеулердің нәтижелері орындалған жұмыстар бойынша есеп түрінде ресімделеді және бақылау сұрақтары бойынша ауызша қорғалады.

Әдебиет:

негізгі:

1. Тревис Дж LabVIEW для всех/ Джериферс Тревис; пер. с англ. Клушин Н.А. – М.: ДМК Пресс; Прибор Комплект, 2005.-544 с.: ил.
2. Андреев Е.Б., Куцевич Н.А., Синенко О.В. SCADA-системы: взгляд изнутри. -М.: РТСофт, 2009.- 176 с.

қосымша:

3. Аристова Н.И. Промышленные программно-аппаратные средства на российском рынке АСУТП: (практическое пособие для специалистов, занимающихся разработкой и модернизацией СУ на промышленных предприятиях) / Аристова,Н.И., Корнеева А.И. - М.: ООО Изд-во Научтехлитиздат, 2007. - 402 с.
4. Карлащук В.И. Электронная лаборатория на IBM PC- М.: СОЛООН-Пресс, 2003.-736 с.: ил.
5. Батоврин В.К., Бессонов А.С., Мошкин В.В., Паполовский В.Ф. LabVIEW: практикум по основам измерительных технологий: Учебное пособие для вузов.-М.:ДМК Пресс, 2005.-208 с.: ил.

Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.)

1. LabVIEW жүйесінде ақпаратты графикалық түрде шығару қандай мүмкіндіктерді береді?
2. LabVIEW жүйесінде ақпаратты графикалық түрде шығару қалай жүзеге асырылады?
3. БЭ (графикалық экран) таңдау және индикациялау режиміне баптау тәртібі.
4. Функцияны графикалық түрде шығаруды үйымдастыру тәртібі.
5. Екі-позициялық айырып-қосқыш схемага қалай қосылады?
6. Түрлі формадағы сигналдар библиотекасын не үшін пайдаланады?

ОҢТҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттікөндірістік технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Химия – технологиялық процестерді басқару жүйесі» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар	52 беттің 26 беті

Тақырыбытар 8: IBM PC үшін стандартты программалар ALAB1, ALAB2, ALAB3, ALAB4, ALAB5, ALAB6 және ALAB11

Мақсаты: Жұмыста тәжірибелік жұмысты жүргізу бойынша кіріспе мәліметтер берілген, автоматты реттеу жүйелерін (АРЖ) есептеуге және зерттеуге байланысты дербес компьютерді қолдану жалпы принциптерін қарастырған:

Оқыту мақсаты:

Білім алушы білуге тиіс:

- Технологиялық басқару объектісінің (ТБО) және АРЖ қолданылатын математикалық моделдерінің түрлері, оларды алу және түрлендіру тәсілдері;
- басқару объектісінің динамикалық сипаттамаларын түсіру бойынша эксперименталды мәліметтерді өндөу методикасы;
- автоматты реттегіштердің математикалық моделі;
- дербес компьютерде қолданылатын білім алушытік бағдарламалық қамтамасыздандыру фондының кұрамы;
- жұмыстың есебін безендіру тәртібінің талаптары;

Білім алушы істей алуға тиіс:

- пәннің негізгі терминалогиялары және шартты белгіленулерімен, бағдарламалық қамтамасыздандыруын қолдану тәртібімен және алгоритмімен, кұрамымен танысу;
- объекттің жұмысын имитациялаушы LAB5 бағдарламасын қолданып, негізгі, қосымша және қоздыруышы каналдар бойынша екпінді қысығын түсіру;
- осы каналдар бойынша беріліс функциясының параметрлерін анықтау;
- алынған математикалық модельдің адекваттылығын тексеру;
- тәжірибелік жұмыс есебін жазбасын безендіріп және оны қорғау.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

Базалық

- Негізгі математикалық терминдер.
- Математикалық анализдің негізгі ережелері.
- Дифференциалды есептен шығару.
- Шектерлік.
- Интегралдан өткізу.
- Кешенді өзгеріс теориясы және міндеті.

Негізгі

- Технологиялық үрдіс.
- ХТҮ БЖ.
- ХТҮ басқару негіздері.
- ХТҮ реттеу негіздері.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

Теориялық негіздері

Объекттер, реттегіштер және жалпы жүйелер

U- объект немесе жүйенің кірісі (немесе кірістер векторы), басқару параметрлері;

U_P- реттегіш шығысы (немесе шығыстар векторы), реттеуші әсерлер;

X- объект немесе жүйе шығысы (немесе шығыстар векторы), қалып-күй параметрлері;

$$x^{(1)} = \frac{dx}{dt}, u^{(1)} = \frac{du}{dt} - X \text{ мен } U \text{ уақыт бойынша туындылары};$$

V- кері әсер (немесе кері әсерлер векторы);

X^{*}- тапсырмалар;

E, ε - қате, үйлесімсіздік (ε = E - X - X^{*})

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттікіндірістік технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Химия – технологиялық процестерді басқару жүйесі» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар	52 беттің 27 беті

W, W(p)- объекттің беріліс функциясы (БФ);
 W*, W*(p) - кешігүі ескерілмеген объекттің БФ-сы;
 W₁, W₁(p) и т.д. – көпконтурлы АРЖ-дағы объекттің БФ-сы;
 W_{зам}, W_{зам}(p) - тұйық АРЖ БФ-сы;
 i - W, R-дің, U, X, V векторлардың элементтерінің реттік нөмірі;
 m - (1)-(3), (6) түріндегі W(p) бөліміндегі полином реті ;
 n - (1)-(3), (6) түріндегі W(p) алымындағы полином реті, (n>m);
 a_i - (1)-(3), (6) түріндегі W(p) алымындағы полином коэффициенттері, i=1,2,...n;
 b_i - (1)-(3), (6) түріндегі W(p) бөліміндегі полином коэффициенттері, i=1,2,...m;
 R, R(p), R₁, R₁(p)- реттегіштің беріліс функциялары;
 S_П; S_И; S_Д - П, И, Д аналогты реттегіштің баптау параметрлері;
 S₁; S₀; S₂ - (15) қолданылатын П, И, Д реттегіштің баптауының параметрлері;
 К_П - беріліс коэффициенті;
 Т_и - интегралдау уақыт тұрақтысы (изодром уақыты);
 Т_д - дифференциалдау уақыт тұрақтысы (алдын алу уақыты);
 Т_Ф - демпфер (фильтр) уақыт тұрақтысы;
 С - объекттің күшейту коэффициенті;
 D - (6) түріндегі W(p)-нің интегралдық құраушысының күшейту коэффициенті
 Т - (5), (7) түріндегі теңдеудегі уақыт тұрақтысы;
 Т₁, Т₂, Т₃ - (4) түріндегі теңдеудегі уақыт тұрақтысы;
 Т_Б - (7) түріндегі өзін-өзі түзетусіз W(p)-нің уақыт тұрақтысы;
 τ - кешігүі уақыты;

1.3.2.2 Жиілік сипаттамалары

ω; ω*; ω_{раб} - жиілік; шекті жиілік; жұмыс жиілігі;
 ω₁; ω_к; Δ_ω - бастапқы, соңғы жиілік ; жиілік бойынша қадам;
 N - жиілік бойынша нүктелер саны;
 φ ; φ_{об} ; φ_{рек} - фаза (ФЖС); объектінің ФЖС; реттегіш ФЖС;
 A ; A_{об} ; A_{рек} - амплитуда (АЖС); объект АЖС; реттегіш АЖС;
 j - жорамал бірлік ($\sqrt{-1}$);
 p, s - Лаплас операторы;
 W(jω) ; R(jω) - объект АФЖС; реттегіш АФЖС;
 ImW ; ReW - объект АФЖС жорамал ; нақты бөлігі;
 ImR; ReR - реттегіштің АФЖС жорамал ; нақты бөлігі;
 Im_{3н} ; Re_{3н} - БФ-ның бөлімінің АФЖС жорамал ; нақты бөлігі;
 Im_{4нис} ; Re_{4нис} - БФ-ның алымының АФЖС жорамал ; нақты бөлігі;
 φ_{3н} ; A_{3н} - БФ бөлімінің ФЖС; АЖС;
 φ_{4нис} ; A_{4нис} - БФ алымының ФЖС; АЖС;
 φ_{3с} ; A_{3с} - Тұйық АРЖ-нің ФЖС; АЖС;
 m - Кеңейтілген АФЖС-тің (КАФС) тербелу дәрежесі;

1.3.2.3 Сандық моделдер және жүйелер

j - уақыт бойынша нүкте нөмірі;
 N - уақыт бойынша нүктелер саны;
 X_j; Ū_j; E_j - j уақыт моментіндегі шығыс, фильтрленген шығыс, кіріс, қате;
 T_о- датчиктің сұрау периоды; (T=2π/ω) уақыт бойынша квантирлеу қадамы (тактісі);
 ω_о - датчиктің сұрау жиілігі (ω=2π/T);
 D - уақыт бойынша квантирлеу тактісінің бүтін санына тен кешігүі (d=τ/T_о);

Q_І, Q_Е, Q_А - сандық реттегіштің баптауының П, И, Д параметрлері;

1.3.2.4 Өтпелі процестер және оның сипаттамасы

T, t - ағымдағы уақыт;
 T₁ ; T_к ; ΔT - бастапқы уақыт; соңғы уақыт; уақыт бойынша қадам;
 N - уақыт бойынша нүктелер саны;
 N_Ф - Акульшина әдісіндегі Фурье қатарындағы жіктеу мүшесінің максималды нөмірі;

ОҢТҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттікөндірістік технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Химия – технологиялық процестерді басқару жүйесі» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар	52 беттің 28 беті

ΔU - кірістегі сатылы кері әсердің амплитудасы;

x_{a1}, x_{a1}, x_{a1} - динамикалық қателер;

x_{ct} - статикалық (анықталған) қате;

ψ - өшү дәрежесі ($\psi = \frac{x_{a1} - x_{a3}}{x_{a1}}$);

T_p, t_p - берілген x_{ct} -ғы реттеу уақыты;

$\eta = \frac{x_{a2}}{x_{a1}} \cdot 100\%$
 η - қайта реттеу ($\frac{x_{a2}}{x_{a1}}$).

Тәжірибелік практикум үшін бастапқы мәліметтерді алу


LAB5 бағдарламасын қолдану арқылы алынған екпінді қисығының бастапқы мәліметтері, объекттің беріліс функциясын анықтау үшін негіз болып табылады. Бағдарламаны іске қосқаннан кейін «РЕГИСТРАЦИЯ» менюді таңдау қажет. Сынақ кітапшасының нөмірін дұрыс енгізу қажет, себебі сол нөмір бойынша индивидуалды бастапқы мәліметтер құралады және $W(p)$ коэффициенттерінің дұрыс анықталғаны тексеру жүргізіледі. Цифрлар нақты алтау болуы тиіс. Егер нөмір бес санның түрсса, онда бірінші санның алдына 9 санын енгізу қажет. «ЭКСПЕРИМЕНТ» этапына өтіп біріншіден қоздыру берілетін каналды таңдау қажет, оны клавиатураның басқарушы пернелерін және «ENTER» пернесін қолдану арқылы орындалады. Тәжірибені кезекпен үш канал бойынша екпінді қисығын түсіру бойынша жүргізу қажет (сурет 1.1 қара):

- негізгі (басты) реттеу каналы – кірісі U , шығысы X ($W(p)$ анықтау үшін);
- қосымша канал – кірісі U , шығысы $X1$ ($W1(p$ анықтау үшін));
- қоздыруышы канал –кірісі V , шығысы X ($W2(p)$ анықтау үшін).

Кірісіне берілетін қоздвруышы әсер мөлшерін барлық каналдарға бірдей етіп беруге болады, мысалы РО жүрісінің 10%. Содан соң тәжірибе жүргізуге болады. Тәжірибені «Қосу – тоқтату» «ПРОБЕЛ» пернесі арқылы іске асырылады. Экранның жоғарғы оң жағында сағат орналасқан, тәжірибенің ағымдағы имитациялау уақытын көрсететін сағат. Шығыс мәні (екпінді қисық ординатасының нүктелері) экранның төменгі бөлігінде орналасқан өлшегіш приборлар арқылы көрсетіледі. Тәжірибе жүрісін тоқтату барысында шығыс шамасының мәнін және екпінді қисығының ағымдағы нүктесінің уақытын жазып отыру қажет. Екпінді қисығын толық қалпына келтіру мүмкіндігін беретін 15-20 нүктесін түсіру жеткілікті. Сурет 8.1. LAB5 бағдарламасының жұмысты аяқтаған кездегі көрінісі көрсетілген. Тәжірибе нәтижелерін келесі өндеуге қолдану үшін бастапқы тұрақты жағдайдан кіріс және шығыс мәндері ғана қолданылады. Сондықтан нәтижелерді кесте 8.1 енгізу қажет.

Кесте 8.1

уақыт	шығыс	Шығысының ауытқуы
t_1	X_1	0
t_2	X_2	$X_2 - X_1$
t_3	X_3	$X_3 - X_1$



Сурет 8.1 - LAB5 бағдарламасының жұмысына мысал

Оқыту және оқыту әдістері: тәжірибелі сабактар ғылыми-зерттеу жұмыстар түрінде мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану арқылы орындалады, зерттеулердің нәтижелері орындалған жұмыстар бойынша есеп түрінде ресімделеді және қоргалады.

Жұмысты орындау реті

1. әдістемелік нұсқаумен және ұсынылған әдебиеттермен танысып, негізгі теоретикалық мәліметтерді конспектілеу;
2. ұш канал бойынша екпінді қисықтарды түрғызу қажет;
3. ұш канал бойынша графикалы анализаторлық әдіспен беріліс функцияларды шығарып, ал негізгі канал бойынша қосымша аудандар әдісін қолдану қажет;
4. барлық алынған математикалық модельдердің адекваттылығын тексеру, бастапқы және есептік екпінді қисық гафиктерін түрғызу;
5. жоғарыда келтірілген бағдарламаларын іске қосып көру; жұмыс есебін безендіріп және бақылау сұрақтарына жауап беруге дайындалу;

Бағалау әдістері

Тәжірибелі сабактар ғылыми-зерттеу жұмыстар түрінде мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану арқылы орындалады, зерттеулердің нәтижелері орындалған жұмыстар бойынша есеп түрінде ресімделеді және бақылау сұрақтары бойынша ауызша қоргалады.

Әдебиет:

негізгі:

1. Автоматическое управление в химической промышленности: учебник для вузов. Под ред. Дудникова Е.Г. -М.: Химия, 1987. -368с.
2. Практикум по автоматике и системам управления производственными процессами: Учебное пособие для вузов/ Под ред. И.М. Масленникова. - М.: Химия, 1986. -336с.
3. Проектирование систем контроля и автоматического регулирования металлургических процессов: Учебное пособие для вузов/ Глинков Г.М. и др. 2-е изд. - М.: Металлургия, 1986, - 352с.

қосымша:

OÝTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттікөндірістехнологиясы» кафедрасы		044-48/11
«Химия – технологиялық процестерді басқару жүйесі» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар		52 беттің 30 беті

4. Борисов В.В., Плютто В.П. Практикум по теории автоматического управления химико-технологическими процессами. Аналоговые системы: -2-е изд. - М.: Химия, 1987, -152с.
5. Макаров И.М., Менский В.М., Линейные автоматические системы. - М.: Машиностроение, 1977, - 464 с., (2-е издание, 1982.).
6. Михелев В.М., Инков А.М., Дмитриев О.Л. Моделирование объектов и систем управления. Методические указания к проведению лабораторных работ білім алушылар специальности 36.03. Шымкент, ЮКТУ, 1997 г.-44 стр., таб., ил.
7. Построение математических моделей химико - технологических процессов. Л.: Химия, 1970 - 312 с.

Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.)

1. Негізгі, қосымша, және қоздыру каналдар бойынша екпінді қисықтарды алу әдістері
2. Үш канал бойынша беріліс функцияларының параметрлерін қалай анықтауға болады?
3. Алынған математикалық үлгілірдің адекваттылығын тексеру жолы.

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттікөндірістік технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Химия – технологиялық процестерді басқару жүйесі» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар	52 беттің 31 беті

Тақырыбытар 9: Каскадты автоматты реттеу жүйелерінде өтпелі процестерін зерттеу және компьютерлік моделдеу

Мақсаты: Аналогты каскадты автоматты реттеу жүйесінің (АРЖ) өтпелі процестерінің сапасын зерттеу және компьютерлік моделдеу және каскадты АРЖ баптауларын есептеу методикасын практика жүзінде игеру оку-зерттеу жұмыстың мақсаты болып табылады.

Тәжірибелік жұмыс дербес компьютерді және диалог режимінде жұмыс істейтін IBM PC үшін орындалған ALAB1, ALAB2 және ALAB4 стандартты бағдарламмаларын қолдану арқылы орындалады. Ол бағдарламмалардың орнына білім алушытің өзі дайындаған немесе Mahtcad жүйесінде дайындаған бағдарламмаларын да қолдануға болады.

Оқыту мақсаты:

Білім алушы білуге тиіс:

- компьютерлік моделдеуді;
- өтпелі процестерін тұрғызу әдісін;
- каскадты автоматты реттеу жүйелердің жұмысын.

Білім алушы істей алуға тиіс:

- химиялық – технологиялық үлгілі үрдістердің математикалық үлгілерін құрастыру;
- өтпелі процестерін тұрғызу;
- каскадты автоматты реттеу жүйелердің баптау есептердің әдісін менгеру.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

Базалық

- Негізгі математикалық терминдер.
- Математикалық анализдің негізгі ережелері.
- Дифференциалды есептен шығару.
- Шектерлік.
- Интегралдан өткізу.
- Кешенді өзгеріс теориясы және міндеті.

Негізгі

- АРЖ.
- АБЖ.
- ТҮ АБЖ.
- ТҮ БЖ.

Теориялық негіздері


Жоғарыда айтылғандай каскадты АРЖ екі реттегіштің болуы оның негізгі ерекшелігі болып табылады - **R** негізгі (сыртқы) реттегіш, объекттің **Y** негізгі шығысын стабилизациялау үшін қызмет етеді, және **R1** қосымша (ішкі) реттегіш, қосымша **X1** параметрін реттеу үшін қолданылады. Қосымша **R1** реттегіші үшін тапсырмасы ретінде негізгі реттегіштің шығысы **X1*** сигналы қызмет етеді. Сонымен бірге қосымша **R1** реттегіші **X** негізгі параметрін стабилизациялау үшін қажетті, **X1** қосымша параметрін мәнін белгілі бір деңгейде тұрақтандырады [6].

Сондықтанда каскадты АРЖ негізгі және қосымша каналдары бойынша негізгі **R** және қосымша **R1** реттегіштерінің басқару объектісінің динамикалық сипаттамаларының берілген мәнінде баптауларын есептеу болып отыр.

Каскадты АРЖ күрілымдық схемасы сурет 9.4 келтірілген, мұнда:

- **W₁** және **W₂** реттеу объектісінің беріліс функциясы (олар белгілі болуы тиіс);
- **R** және **R₁** реттегіштердің беріліс функциясы (оларды баптауларын есептеу қажет, көбінесе ПИ-реттегішті қолданады).

ОНТҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIAСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттікөндірістік технологиясы» кафедрасы	044-48/11 52 беттің 32 беті
«Химия – технологиялық процестерді басқару жүйесі» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар	



Сурет 9.4 – Каскадты ARJ құрылымдық схемасы


Негізгі және қосымша каналдарының баптаулары бірі біріне тәуелді болғандықтан, баптауларды есептеу итерациялау тәсілімен жүргізіледі.

Итерациялық есептеу тәсілінің негізі мынада, яғни бастапқыда қайсы бір реттегіштің параметрі беріледі (мысалы, R_1). Шартты түрде осы реттегіш реттеу объектісінің құрамдас бөлігі деп қарастырып және эквивалентті объектің (R_1 , W_1 және W_2 белгілі тенденциялардан құралған) беріліс функциясын қолдана отырып екінші реттегіштің жуықтап баптауларын есептейміз (мысалы, R).

Итерацияның келесі қадамында (белгілі R реттегіштің жуықтап параметрімен R , W_1 және W_2 белгілі тенденциялардан құралған) эквивалентті объекттің беріліс функциясын қолдану арқылы R_1 бірінші реттегіштің баптауларының жуықтап мәнін есептейміз.

Бұл есептеу процесі R және R_1 реттегіштерінің әрқайсының баптаулары тұрақты мәнге ие болғанға дейін жалғаса береді.

Сондықтанда, итерацияның әрбір қадамында келтірілген бірконтурлы ARJ есептеуі келтірледі, ондағы реттегіштің бірі шартты түрде эквивалентті объектке жатқызылады (сурет 2.5 қара).



Сурет 9.5 – (а) –ненгізгі және (б) қосымша реттегішті эквивалентті бірконтурлы ARJ құрылымдық схемасы

Итерацияның әрбір қадамында келтірілген бірконтурлы ARJ есептеуін келтіреді, ондағы реттегіштің бірі шартты түрде эквивалентті объектке жатқызылады. Мұны былай түсінү қажет, а) және б) схемалары үшін коэффициенттерінің барлық мәні белгілі болуы тиіс. R_1 және R реттегіштің баптауын есептеу қарапайым тәсілдердің бірі Циглер-Никольс тәсілімен баптауларды есептейді [1].

R негізгі реттегіштің баптауларын есептеу үшін қолданылатын, эквивалентті объекттің беріліс функциясы түрі мынадай:

$$W^E = \frac{R_1(p) \cdot W(p)}{1 - W_1(p) \cdot R_1(p)}, \quad (\text{A})$$

мұндағы: осы тенденкке кіретін R_1 қосымша реттегіштің беріліс функциясы мынадай:

$$R_1(p) = S_{II1} + S_{II1}/p + S_{D1} \cdot p \quad \text{немесе көбінесе мынадай,}$$

ОҢТҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Фармацевттікөндірістік технологиясы» кафедрасы		044-48/11
«Химия – технологиялық процестерді басқару жүйесі» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар		52 беттің 33 беті

$$R1(p) = S_{II} + S_{I1}/p \quad (9.3)$$

Белгілі болуы тиіс.

R1 қосымша реттегіштің баптауларын есептеу үшін қолданылатын, эквивалентті объекттің беріліс функциясы түрі мынадай:

$$W1^{\mathcal{D}} = W1(p) + W(p) \cdot R(p) \quad (\mathbf{B})$$

мұндағы: осы тенденкке кіретін **R** негізгі реттегіштің беріліс функциясы мынадай:

$$R(p) = S_{II} + S_{I1}/p \quad (9.4)$$

Белгілі болуы тиіс.

R және **R1** реттегіштерінің баптауларын ((2.4) және (2.3) формулаларымен) есептеу көбінесе итерациялық тәсілмен жүргізеді, оны мағанасын мысалда қарастырамыз, есептеуді жүргізгізгенде, (A) тенденгін қолданып **R** негізгі реттегіштің баптауларын анықтаудан бастайды.

(A) тенденгіне қарасты **R1** реттегіштің баптауларының параметрлерінің мәні әлі белгілі болмағандықтан, оған қандайда бір мән беруіміз қажет. Көп жағдайларда мынадай тұжырымдар келтіріледі, яғни негізгі реттегіштің жұмысшы жиілігі қосымша реттегіштің жұмысшы жиілігінен бірнеше рет кіші болғандықтан, (A) тенденгін **R1** реттегіші жоқ, бірақ **W(p)** және **W1(p)** параметрлері белгілі (A1) тенденгі түрінде қысқартуға болады:

$$W^{\mathcal{D}0} = \frac{W(p)}{W1(p)} \quad (\mathbf{A1})$$

Мұндағы жағдайда, егер есептеу **R** негізгі реттегіштен басталса, онда Циглер-Никольс әдісі қолданылады, онда кезекті түрде мыналар орындалады.

- есептеудің бірінші қадамында (A1) тенденгі қолданылады және **R** реттегіштің баптауының бірінші жұықтау **мәні** анықталады;
- есептеудің екінші қадамында (B) тенденгі қолданылады және бірінші қадамда есептелген **R** реттегіштің баптауы бойынша **R1** реттегіштің баптауының бірінші жұықтау **мәні** анықталады;
- есептеудің үшінші қадамында (A) тенденгі қолданылады және екінші қадамда есептелген **R1** реттегіштің баптауы бойынша **R** реттегіштің баптауының бірінші жұықтау **мәні** анықталады.

Келесі қадамдарда тізбекті түрде мына тенденкті қолданады:

(B) -> (A) -> (B) ->(A) ->(B) ->(A) ->(B) және сонымен әрі қарай сол әрбір қадамда **R1** және **R** реттегіштердің баптауларын анықтайты.

Осы итерациялық есептеулер, S_p , S_{p1} , S_i , S_{i1} баптауларды есептеудің әрбір қадамындағы мәндерінің өзгерісінде көп айырмашылық болмаған жағдайға дейін жалғаса береді. Көбіне мұндағы нәтижеге жету үшін 10-15 итерациялық қадам жүргізу қажет.

Каскадты АРЖ баптауларын есептеу алгоритмі

Каскадты АРЖ баптауларын есептеу алгоритмі мынадай қадамдардан тұрады:

- басқару объектісінің негізгі және қосымша каналдар бойынша (9.1) және (9.2) беріліс функцияларын енгізу;
- $W^{\mathcal{D}0}(p)$ эквивалентті объекттің беріліс функциясын (A1) формуласымен есептеу;
- R** негізгі реттегіштің баптауларын есептеу;
- $W1^{\mathcal{D}}(p)$ эквивалентті объекттің беріліс функциясын (B) формуласымен есептеу;
- R1** қосымша реттегіштің баптауларын есептеу;
- $W^{\mathcal{D}}(p)$ эквивалентті объекттің беріліс функциясын (A) формуласымен есептеу;
- R** негізгі реттегіштің баптауларын есептеу;
- Егер алдыңғы қадамда есептелген **R** жаңа баптауларының мәні **R** мәндерімен сәйкес келмесе, онда 4-ші бөлімге ораламыз;

Корытынды **R** және **R1** 1

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттікөндірістік технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Химия – технологиялық процестерді басқару жүйесі» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар	52 беттің 34 беті

9. Қоздыруши канал бойынша бірконтурлы және каскадты АРЖ өтпелі процестерін салыстырып және қорытынды жасаңыз.

«Каскад (ALab4) » (Kask_asr.exe) бағдарламасының алгоритмі

Есептеу процесін жүргізу мынадай қадамдар бойынша орындалады:

1. «Звенья» пунктін таңдау барысында пайда болған терезеге негізгі және қосымша каналдары бойынша беріліс функцияларын кезекпен енгіз қажет.
2. 1 бөлімде келтірілген есептеу алгоритмі бойынша каскадты АРЖ есептеуі орындалады.
3. Есептеу нәтижелерін экранға шығару.

Оқыту және оқыту әдістері: тәжірибелік сабактар ғылыми-зерттеу жұмыстар түрінде мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану арқылы орындалады, зерттеулердің нәтижелері орындалған жұмыстар бойынша есеп түрінде ресімделеді және қорғалады.

Жұмысты орындау реті

«Каскад» бағдарламасын іске қосқаннан кейін «Звенья» менюінің таңдал және пайда болған терезеде негізгі және қосымша каналдары бойынша беріліс функцияларын кезекпен енгіз қажет. Сосын «Ok» батырмасын басып және «Таблица» менюін таңдау қажет. Экранда есептеу нәтижелері келтірілген кесте пайда болады. Кестенің ең соңғы қатарында реттегіштердің баптаулашының оптимальды мәндері орналасады.

Өтпелі процестің графигін түркізу үшін **LD049.exe** (немесе **ПЕРЕХОДНЫЙ_ПРОЦЕСС.exe**) бағдарламасын қолдануға болады, онда қандай да болмасын құрылымды АРЖ графигін түркізу мүмкіндігі бар. Каскадты АРЖ өтпелі графигін түркізу үшін мыналарды енгізу қажет:

- басқару объектісінің негізгі және қосымша канал бойынша беріліс функцияларын;
- «Каскад» бағдарламасынан анықталған екі реттегіштің баптаулашымен беріліс функциясын;
- Тұйықталған басқару объектісінің мына түрдегі беріліс функциясын;

Қоздыру каналы бойынша каскадты тұйықталған АРЖ үшін:

$$W_{3AM}(p) = \frac{W(p)}{1 + W(p) \cdot R(p) \cdot R_1(p) + W_1(p) \cdot R_1(p)} \quad (9.5)$$

және тапсырма каналы бойынша:

$$W_{3AM}(p) = \frac{W(p) \cdot R(p) \cdot R_1(p)}{1 + W(p) \cdot R(p) \cdot R_1(p) + W_1(p) \cdot R_1(p)} \quad (9.6)$$

Сосын жиіліктің автотербелістің о*шектік мәнін енгізу қажет және Ткон, сосын кейін “Ok” батырмасын басу қажет. “Расчёт/График” менюін таңдау барысында өтпелі процес графигі экранда пайда болады. Принтер бар болған жағдайда баспадан шығару мүмкіндігі қарастырылған.

Бағалау әдістері

